

## ИМИТАТИВ ТЕОРИЯСЫНЫҢ ТЕРМИНДЕРІ ЖАЙЫНДА

С.Демирел университетінің оқытушысы, ф.ғ.к. Ж.Д.Байтелиева

Кез келген ғылым салаларының дамуы немесе оның нәтижесінде ғылым түрлерінің бір-бірімен интеграциялануы жаңа ғылыми бағыттардың, салалардың тууына, пайда болуына алып барары сөзсіз. Ал әлемдегі қай тілде болмасын оның сөздік қоры оны тұтынушы ұлттың не халықтың тыныс-тіршілігінде болып жатқан күнделікті тұрмыстық, кәсіптік, кәсіптік-ғылыми т.б. жаңалықтарына байланысты онда туып, пайда болып отырған жаңа атаулар мен ұғымдардың, терминдердің негізінде толығып, байып отырады. Мұндай ғылым мен техника жетістіктеріне байланысты пайда болған, қолданысқа ене бастаған жаңа сөздердің мазмұндық сипаттары да әртүрлі екендігі белгілі.

XX ғасырдың екінші жарты жылдығында қазақ ғылымы әлемінде қоғамдық ғылымдар қатарындағы тіл ғылымының да зерттеу нысандары өсті, дамыды. Онда әдеби тіліміздің ішкі-сыртқы даму заңдылықтары мен баю жолдары анықталып, осыған орай қазақ тіл білімінің негізгі мәселелерін қарастыруда қолданылатын әдіс-тәсілдер де толықты, жетілді. Соның бірі ретінде имитатив теориясына байланысты мәселелерді айтуға болады.

Имитатив теориясы жалпы түркітану ғылымында XIX ғасырдың жиырмамыншы жылдары қалыптаса бастаған. Бұл сала әлем тілдерінің баршасына тән еліктеуіш-елестеуіш құбылысының алғашқы сөзжасам процесіне ұйытқы болғандығын дәлелдеуге тырысады.

Г.Е.Корниловтың пікірінше, имитатив – бұл өзінде бейнеленушінің ерекше белгісі, қасиеті, сапасы туралы ұғымды қамтитын сазды бейне. Бұл – құбылысты, нысанды бір мезгілде ойлау арқылы және көркем-эмоционалды жағдайда қабылдаудың нәтижесі. «Имитатив» терминін «дыбыстар мен дыбысталуларға еліктеу емес, дыбыстар мен дыбысталулар арқылы нысандарға, процестерге, қалып-күйлерге, сапаларға еліктеу» деп түсінген жөн [1].

Имитатив теориясының қазақ тіл білімінде қалыптаса бастауына байланысты, бұл салаға қатысты біраз ғылыми зерттеулер, монографиялар, мақалалар, жинақтар жарық көрді. Оларда осы салаға байланысты жаңа атаулар мен ұғымдарды білдіретін терминдік сөздер мен сөз тіркестері қолданыла бастады. Көбі тілдік қолданыста орнығып қалыптасты да. Айталық, *дыбыстық еліктеуіштер*, *бейнелеуіш еліктеуіштер*, *жарық-сәуле еліктеуіштер*, *еліктеуіш (категориясы)*, *грамматикалық индикатор*, *еліктеуіш етістіктер*, *дыбыстық еліктеуіш етістіктер*, *еліктеуіш феномені*, *ілкі түбір*, *еліктеуіш сөздер*, *ым-шара тілі*, *имитатив теориясы*, *мимемалар*, *мағына анықтағыш формант* (бұл терминді академик Ә.Қайдар еліктеуіштердің алғашқы тұлғасына дыбыстық шоғырға қосылып барып, белгілі бір ұғымды, мағынаны беретін лексика-морфологиялық ілкі түбірге айналдыратын термин ретінде ұсынады) т.б. Бұлардан басқа *табиғи дыбыс*, *дыбысбейнелеуіштік*, *индикатор*, *ілкі түбір*, *дыбыстық шоғырлар (звуковой комплекс)*, *еліктеме* (А.Ысқақовтың термині «еліктеуіш сөздердің» баламасы), *еліктеу одағай* (А.Байтұрсынұлының термині), *идеофон не стимулятор* («мағына анықтағыш формант» терминіне сәйкес келеді), *модификатор* («грамматикалық индикатор» баламасы), *қоспалар (грамматикалық индикатор)*, *дәнекер аффикстер (грамматикалық индикатор)*, *грамматикалық индикатор (модификатордың синонимі)* т.б. имитатив теориясына қатысты терминдер туындап, қалыптасып жатыр.

Имитатив теориясына қатысты терминдік атаулар мен ұғымдарды білдіретін бұндай сөздер мен сөз тіркестері тіл білімінің арнаулы лексика тобына жатады. Ал «арнаулы лексика дегеніміз қоғамдағы өзара ыңғайлас әртүрлі әлеуметтік топтардың мамандығына, қызметіне, шұғылданатын кәсібіне байланысты қалыптасқан сөздер мен сөз қолданыстары

(сөйлемше не сөз тіркестері). Мұның ішінде ол кәсіби терминология болады. Өйткені «Кәсіби терминология дегеніміз ғылым, техника, өндіріс т.б саласындағы арнаулы ұғымдар мен зат атауларын дәл білдіру үшін жасалған сөздер мен сөз тіркестерінің жиынтығы» [2: 35].

Қазақ тілінде «еліктеу сөздер, еліктемелер» деген терминдер «еліктеуіш сөздер» терминінің тура баламалары. Орыс тілінде де бұл баламалардың бірнеше терминдері қалыптасқан: «мимемы», «ономатопоэтические слова», «изобразительные слова», «ономатопия», «имитативы», «подражательные слова» т.б. (Н.Н.Ашмарин, Н.К.Дмитриев т.б.).

Ә.Т.Қайдардың қазақ тіліндегі еліктеуіш категориясына қатысты жан-жақты пікірін білдірген «Имитатив теориясына қатысты жаңаша көзқарас» [3: 3-22] атты мақаласында еліктеуіштердің өзіндік ерекшеліктерін танып-білуге байланысты ғылыми теориялық әдебиеттерге сүйене отырып, енгізген, жаңа термин сөздері қазақ тіл білімі үшін үлкен жетістік болып табылады. Мысалы, *дыбыстық шоғыр* (звуковой комплекс) барлық еліктеуіш сөздердің негізін құраушы дыбыс тілінде айта бастаған айналаны қоршаған жанды-жансыз табиғаттан нәр алып, оны түйсігі, сезімі арқылы қабылдап, алғашқы дыбыс, образды реакциялы бейне рефлекстері. Бұл құбылыс этностың балаң кезіндегі танымдық қабілетінің алғашқы қадамы, дүлей табиғи күшті тани бастаудың алғашқы нышаны деп қарауға болады. Сондықтан болар, сол дыбыстық шоғырдың басым көпшілігі бүгінгі күнге дейін мағыналары беймәлім өлі түбір болып отыр.

*Мағына анықтағыш формант* терминін академик Ә.Т.Қайдар еліктеуіштердің алғашқы тұлғасына дыбыстық шоғырға қосылып барып, белгілі бір ұғымды, мағынаны беретін лексика-морфологиялық ілкі түбірге айналдыратын термин ретінде ұсынады. Бұл терминнің орысша баламасы *идеофон* не *стимулятор* деген терминге соншалықты дәл болмаса да сәйкес келеді.

*Грамматикалық индикатор* терминін тіл білімінде «модификатор» немесе «актуализатор» деп те атайды. Қазақ тіліндегі еліктеуіштерге қатысты Ә.Т.Қайдар бұл терминді алғаш рет қолданып, күрделі еліктеуіш етістіктер құрамында екі (бірінші, екінші кейде үшінші) деңгейде сатыланып, тұрақты түрде кездесетін жеке дыбыстар мен дыбыс тіркестері деді. Әдетте, олар еліктеуіш сөздер мағынасындағы ұғымның бір рет немесе көп рет қайталануын және сол арқылы оның заттық мағынаға ие болатынын да білдіреді. Кейде үш деңгейде сатыланып, тұрақты түрде кездесетін жеке дыбыстар мен дыбыс тіркестері. Әдетте, еліктеуіш сөз мағынасындағы ұғымның бір рет, не көп рет қайталануын және сол арқылы оның заттануын білдіреді. Грамматикалық индикаторларды қазақ тілінің мамандары бірде «*қоспалар*» десе (Ш.Сарыбаев. қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздер. А.: АН Каз ССр. 1960, 42 б.), енді бірде «*дәнекер аффикстер*» деп те қолданып жүр. Ал «*индикаторлар деңгейі*» деп шартты түрде алынып жүрген термин еліктеуіш тұлғасының бірінші және екінші, кейде үшінші дәрежелі грамматикалық индикаторларды қабылдауы арқылы қалыптасқан қалып-күйін белгілейді.

Ә.Т.Қайдардың қолданысындағы тағы бір термин *әлемдік симфония*. Табиғаттың басқа құбылыстармен дыбыстар араласа, сәйкес, үйлесе, үндесе келе, «әлемдік симфонияға» айналады екен. Әдетте, жеке адамдар түйсіне, сезіне бермейтін бұл симфонияның жалпы әлем көлемінде белгілі бір табиғат ортасында өзіндік үні мен дыбысы, жарқылы мен жарығы, қимылы мен қозғалысы, түсі мен түрі бар өте күрделі құбылыс екендігі ғылыми тұрғыдан танылған және алдағы уақытта да таныла да бермекші.

Бүгінгі күнге дейін имитатив теориясын зерттеп жүрген академик Ә.Т.Қайдардың тұжырымдауынша, күрделі имитатив – еліктеуіш сөз бірінен бірі туындайтын 5-6 түрлі деңгейде дамиды. Соған байланысты грамматикалық индикаторларды бірнеше түрге бөліп қолдану кездеседі.

Профессор К.Ш.Хұсайынның пікірінше, қазіргі қазақ тіліндегі лингвистикалық әдебиеттерде де дүниежүзіндегі өзге тілдердегі тәрізді дыбысқа еліктеу, идеофондар,

еліктеуіш сөздер, мимемалар, бейнелеуіш сөздер, имитативтер, дыбысбейнелеуіш сөздер, ономаоттар және тағы да басқа алуан түрлі атаулармен аталатын лексикалық қабат бар. Әрине, бұл сөздердің атауларының әртүрлі қолданылуы олардың жан-жақты әрі нәтижелі зерттелуіне өз ықпалын тигізе қоймайды, мұндағы ең басты мәселе терминді таңдай білуде емес. Мәселе олардың шығу жолдарының мәнін және тетігін, тілдің лексикалық жүйесінің тарихи қалыптасу және даму процесіндегі алатын орнын, олардың шартты түрде белгілі бір жүйеге сәйкес қолданылуын қалыптастыру процесімен, тілдік таңбамен және жалпы глоттогенез мәселесімен өзара байланысын түсіне білуінде [4].

Еліктеу, еліктеме, еліктеуіш, еліктеуші деген сөздердің мағыналары кезінде орыс тіліндегі атауларға сәйкестендіріліп, қазақ тіліндегі бастауыш, баяндауыш, анықтауыш т.б. түрінде «еліктеуіш» деп аталған терминнің бірі екені бәрімізге мәлім. Бұл терминдер мағыналарында шарттылық бар. Себебі адам табиғаттағы айналамызды қоршаған жанды, жансыз заттар мен құбылыстардың дыбыстық үнін, жарық-сәуленің жарқылы мен қимыл-әрекеттің бейнесін дыбыстық тіл арқылы жеткізуге тырысты. Сол дыбыстардың өзін емес, тілдік қорымызда қолданып жүрген сол дыбысқа ұқсас жаңғырығын, уәжділік бейнесін дәл беруге ұмтылады. Алайда олар бір-бірімен сәйкес емес, өз алдына жеке-дара құбылыстар. Сол себептен де «еліктеуіш» терминінің мәнінде өзіндік шарттылық бар. Дыбыстық еліктеуіш етістіктердің этнолингвистикалық сипатын зерттеген Қ.Шота мұндай үдеріс термин жасауда жиі ұшырасатын құбылыс екендігін атап өтеді [5: 60]

О.С.Ахманова «Словарь лингвистических терминов» деген сөздігінде идеофон терминін «анг. ideophone – один из классных показателей (обычно с ономапоэтической основой) в языках», – деп көрсетеді [6: 25]. Бұл термин мағына беретін ілкі түбірлерді қалыптастыруға негіз бола алады. Мысалы, [ң] идеофоны **ды, сы, бы, ты** т.б. дыбыстың шоғырларға қосылып, **дың, сың, бың, тың** тәрізді ілкі түбірлерді жасауға қабілеті зор екенін байқауға болады.

В.И.Абаевтың пікірінше, идеофондар – адами лексиканың «кратиловтік» (яғни, фонетикалық жағынан уәждеген. – К.Хұсайын) бөлігі [7]. Ол осындай өзіндік ерекшеліктері бар сөздер тобын айрықша ғылым «идеофонологияның» аясында қарастыруды ұсынады.

Алғаш рет *дыбыссимволизмі, дыбысбейнелеуіштік* терминдері ғалым К.Ш.Хұсайынның еңбектерінде қолданыс тауып, ол ұғымдардың аталымдық аспектілері зерттелді. Сонымен бірге олардың қазақ және ағылшын тілдеріндегі деривациялық жолдары қарастырылды.

Қорыта келгенде, имитатив теориясына қатысты терминдердің қазақ тіл біліміндегі қатары әлі де көбейе түседі деп ойлаймыз. Себебі бұл теорияны қазақ тіл біліміндегі жан-жақты зерттелген сала деп айта алмаймыз.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Корнилов Г.Е. Теория имитативов и данные чувашских диалектов // Диалекты и топонимия Поволжья. – Чебоксары, 1977, 1981. №5-9.
2. Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ғ. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы: Санат, 1997. – 161 б.
3. Қайдар Ә.Т. Имитатив теориясына қатысты жаңаша көзқарас // ҰҒА Хабарлары, 2003. № 5, 3-22 бб.
4. Хұсайын К. Дыбысбейнелеуіштік теориясының негіздері. – Алматы, 2009.
5. Шота Қ. Дыбыстық еліктеуіш етістіктердің этнолингвистикалық сипаты. 10.02.02 канд. Дисс. Қолжазбасы. – Алматы, 2004.
6. О.С.Ахманова Словарь лингвистических терминов. – М., 1969, - 608 с.
7. Абаев В.И. Как можно улучшить этимологические словари // Этимология, 1984. – М., 1986. С. 20

## **Resume**

Here in this statement terms which is related to the “Imitative theory” is discussed.

## **Özet**

Bu makalede İmitatif teorisine ilgili terimler hakkında yazılmıştır,